

«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасының даму ерекшелігі

«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы «Кәсіптік білім беру» кафедрасында 5B012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша бакалавр және магистрларды дайындау барысында дайындалып, жетілдірілуде.

Білім беру бағдарламасы еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкес дайындалған. Жұмыс берушілердің пікірі бойынша білім беру бағдарламасы кәсіптік білім беру саласында білімдерді меңгерген мамандарды дайындауға бағытталған.

Бағдарламаның негізгі мақсаты:

- Болашақ кәсіптік білім маманының кәсіби негізгі құзыреттілігін қалыптастыру;
- Барлық деңгейде тәжірибе жүрізу барысында студенттердің өзіндік іздену-зерттеу іс-әрекетінің шарттарын құру;
- Ғылыми-техникалық ақпараттармен жұмыс істеу, кәсіби іс-әрекетте отандық және шетелдік тәжірибені қолдану, алынған ақпаратты жүйелеу мен негіздеу дағдысы;

Білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік деңгейі, Дублин дескрипторы мен Еуропалық біліктілік деңгейіне сәйкес дайындалған.

Бакалавр бойынша білім беру бағдарламасы пәндерді оқытудың модульді жүйесі негізінде және жалпы білім беру мен кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын 12 модульден тұрады. Бағдарламада 131 кредит теориялық оқуға, 10 кредит практикалық оқуға бағытталған. Оқу мерзімі - 4 жыл. Білім беру бағдарламасын бітіргенде 5B012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша бакалавр академиялық дәрежесі беріледі.

Магистратура бойынша білім беру бағдарламасы пәндерді оқытудың модульді жүйесі негізінде және жалпы білім беру мен кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын 10 модульден тұрады. Бағдарламада 59 кредит теориялық оқуға, 6 кредит практикалық оқуға бағытталған. Оқу мерзімі - 2 жыл. Білім беру бағдарламасын бітіргенде 6M012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша педагогика ғылымдары бойынша академиялық дәрежесі беріледі.

КБ кафедрасының меңгерушісі,
п.ғ.к., доцент

Есекешова М.Д.

КЖЖКББ факультетінің деканы:

Аскарова А.Ж.